

1 ЖЕЛТОҚСАН - ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

АМАНКЕЛДІ



Аудандық апталық газет

1935 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

арайы

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru ■ http://baq.kz/kk/regional_media/media/224

ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ



МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚПАЛАУЛАР

Жансұлтан ТАУКЕНОВ,
Аманкелді ауданының әкімі

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күнімен шын жүректен құттықтаймын!

2012 жылы Парламент Сенатының жалпы отырысында 1 желтоқсанды – Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні деп атау жөнінде шешім қабылдады. Бұл шешім «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңына толықтырулар түрінде рәсімделді. Егеменді еліміздің айтулы мерекесін атап өту Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап, шекарасын бекітіп, болашаққа бағыт-бағдар берген Ұлт Көшбасшысына деген зор құрмет деп білемін.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халық және мемлекет алдындағы еңбегі орасан зор. Елбасының көрегендік саясатының арқасында Тәуелсіз Қазақстан Орталық Азия өңіріндегі алдыңғы орынға шықты. Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саликалы ішкі және сыртқы саясаты әлеуметтік-бағдарлы экономикасы бар заманауи, қарқынды дамушы мемлекет құруды қамтамасыз етті.

Елбасы әлемдегі дамыған мемлекеттердің бай тәжірибесін таразылай отырып, еліміздің жаһандық өркениет көшіне қосылуының бірден-бір дұрыс жолын нұсқап және жүзеге асыруды өз жауапкершілігіне алып, оны жыл сайынғы халыққа арналған Жолдау-

ларында баяндап келеді. Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа Жолдауында да мемлекетімізді, экономикамызды дамытудың барлық бағыттары мен даму жолдары айқын көрсетілді. Елбасы бұл Жолдауында тұрақтылық пен ұлттар арасындағы келісімді ел дамуының негізі ретінде қарастырып, «Нұрлы Жол» - біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігері жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!», – деп жастарға үлкен сеніммен ұран тастады.

Елбасы Жолдауында аталған міндеттер бойынша аудан әкімдігі, ауданның өкілетті және атқарушы органдары аудан экономикасының барлық саласының одан әрі дамуын қамтамасыз ету жолында қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып жұмыс атқаруда. Жыл сайын ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жоғарылап, экономикалық өсу үрдісі елеулі түрде алға қадам басып, халықтың әл-ауқаты жақсара түсуде.

Құрметті жерлестер!

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ел игілігі жолындағы тамаша бастамаларын жүзеге асыруға үлесімізді қосып, алға қойған мақсаттарға бірге қол жеткізейік!

Әділ САМАТОВ,
Аманкелді аудандық мәслихатының хатшысы

Құрметті аудан тұрғындары!

1 желтоқсан барлық қазақстандықтар үшін ерекше мереке – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің күнін атап өтудеміз. Бұл мереке жаңа Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айрықша еңбегіне құрмет ретінде белгіленді. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан басшылығына қиын кезеңде келді.

Алайда Мемлекет басшысының кеменгерлігі мен саяси ерік-жігері қиындықтарды жеңіп, елімізді экономикалық дамытудың келешектегі стратегиясын дайындап, қиын реформаларды іске асыра алды. Бүгінде бұл стратегияны бүкіл әлем жаңғыртудың қазақстандық үлгісі, дамудың қазақстандық жолы ретінде танып отыр.

Отанымыздың байлығын адал еңбегі мен еселеп жатқан металлургияға, шахтерлерге, ауылшаруашылығы қызметкерлеріне, мұғалімдерге және барша еңбек адамдарының жанына жақын әрі түсінікті.

Осы жылдар ішінде Қазақстан өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында әлемдік бағытта келе жатыр. Қоғамдық саяси өмірдегі біздің табыстарымыз бен жетістіктеріміз - мемлекетімізді әлемдік қауымдастықтың мойындауына мүмкіндік

туғызып, өзінің лайықты орнын алды.

Бүгінде «Мәңгілік ел» болуға ұмтылған Қазақстан Елбасының басшылығымен 2030 жылдарға дейін межелеген істеріне күні бұрын қол жеткізіп, енді 2050 жылда жетер асуларды белгілеп отыр.

«Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Елбасының халыққа жолдауын жүзеге асыруға өз сайлаушыларын жұмылдыра отырып, аудандық мәслихат депутаттары да елмен бірге жаңа табыстарға жетіп, өз сайлаушыларының сенімін ақтап, халыққа адал қызмет жасай беретін болады!

Қымбатты жерлестер!

1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан халқы өзінің кеменгерлік таңдауын жасады, уақыт бұл таңдаудың дұрыстығын көрсетті. Бүгінде біздер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей басшылығымен Қазақстан экономикалық гүлденген, демократиялық және әлеуметтік мемлекет болып қалыптасты деп толық сеніммен айта аламыз.

Сіздерді Тұңғыш Президент күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Біздің ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасасын! Еліміздің Тұңғыш Президенті - Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жасасын!

АНАЛАР АЛҒЫСЫ ШЕКСІЗ

Бижамал БЕКТЕПБЕРГЕНОВА,
тыл және еңбек ардагері, 110 жастағы қарт ана

Президент күні – жалпыхалықтық мереке. Бұл күні біз өзімізден кейінгі жастарға Елбасымыздың Тәуелсіздіктің 23 жылында жасаған еңбегін ерекшеліп айтамыз. Әрине, оның өмірбаяны жөнінде де әңгімелеп отырамыз ғой. Дегенмен, Тәуелсіздігімізді баянды ету жолындағы еңбегі ересен емес пе?! Егер Назарбаевтың орнында басқа біреу болса, біздің тағдырымыз қалай болар еді? Тағдыр біздің таланымызға Назарбаевтай алуан қырлы, ақылды да парасатты Президентті тарту етті.

Біздер, көпті көрген аналар еліміздің және Елбасымыздың тілегін тілеп отырамыз. Еліміздің өсіп-өркендегенін көріп бір қуансақ, Елбасымыздың елін жақсы басқарып, ілгері мемлекеттер қатарына қосып келе жатқанына және бір қуанамыз. Күнделікті газет-журналдардан, теледидар хабарларынан ол кісінің жасап жатқан жұмыстарынан хабардар болып отырамыз. Жақында жарияланған «НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ» атты Жолдауын оқып, бір жасап қалдық. Бір жасап қалуымыздың себебі - көптеген іргелі мемлекеттер дағдарыс дауылынан үрейісіп жатқанда, біздің Қазақстанымыз өркендеудің жаңа жолдарын белгіледі. Қанша ма миллиардтаған қаржылар ел игілігіне жұмыс істегелі отыр?! Соларды оқып, біле отырып, көңілің көтеріледі. Еліңнің еңсесі биіктігіне мерейің өседі.

Бір кезде Елбасымыз Қазақстанның түрлі байлықтарынан түсетін қаржыны Ұлттық қорға жинау жөнінде ұсыныс айтқан болатын. Кейбіреулер «Бұл дұрыс емес, түскен қаржыны халыққа бөліп беру керек» дегенді

айтқан еді. Сонда Елбасымыз «Бұл қаржыны Ұлттық Қорда жинақтап қояйық. Егер ел басына түрлі қиындықтар түсетін болса, сол кезде халықтың игілігіне жаратамыз» деген болатын. Міне, оның осы сөзінің ақиқатқа айналғанына да куә болып отырмыз. Түрлі дағдарыстар кезінде еліміз Ұлттық Қордағы қаржы арқылы қиындықтан шығып, даму жолына түсті. Қарап отырсақ, Қазақстанның қай дағдарыс кезінде болмасын берекесі қашқан жоқ. Қайта қай салада болмасын қарыштап дамыды. Алуан құрылыстар салынып, заводтар ашылды. Халықтың тұрмысы жақсарды. Халыққа деген қамқорлық арта түсті. Аллаға мың шүкір дейік, Елбасымыздың еңбегінің жемісін көп ұлтты халқы молынан көріп отыр.

Осындай кемеңгер Президентімізді қалай дәріптесек те артық емес. Оның үстіне ол Тұңғыш Президент деген атақтың иесі! Сол құрметті атақты абыроймен алып келе жатыр. Ақыл-ойының, білім-тәжірибесінің молдығына қайран қаласың! Үнемі жұмыс үстінде жүреді. Елінің қамын ойлап, тыным таппайды. Жаңалыққа жаны құмар. Елімізді ОБСЕ саммитінің өтуі, енді міне «ЭКСПО-2017» көрмесіне әзірліктің басталуы - біздің осы сөзіміздің дәлелі деп білемін.

Мен, ауданымыз бойынша ең ұзақ жасап отырған кісімін. Қазір жасым 110-ға қарап тұр. Осы ғұмырымның ішінде бейнетті де, зейнетті де көп көрдім. Ең үлкен қуанышым – еліміздің Тәуелсіздігін көріп қана қоймай, соның жемісін жеп, қызығын қызықтауым болып отыр. Мен өз басым Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы

Назарбаевтың істеп келе жатқан істеріне дән ризамын. Мен 1928 жылғы үлкен тәркілеуді, 1932 жылғы аштықты, 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргінді өз көзіммен көрдім. Онда жас кезім, еш нәрсенің парқына терең барған жоқпыз. Үкіметтің ұранына ілестік. Ұлтымыздың мақтанышы болған жандарды «халық жауы» дегенге сендік. Сенбесек те сендірді. Ол кездегі біздің көрген күнімізді адам баласының басына бермесін. Киер киімге, ішер асқа жарымадық. Дамылсыз жұмыс істедік. Колхозды алға бастыру үшін уақытпен санаспай еңбек еттік. Ол кезде қазіргідей жағдай жоқ. Мен сол кездегі жандардың еңбектеріне қайран қаламын. Олардың бәрін Еңбек Ері деуге болады.

Нұрсұлтан Әбішұлы біз секілді қарапайым жандардың баласы екен. Оның да әке-шешесі біз сияқты белшешпей еңбек еткен. Балаларының тұңғышы Нұрсұлтан сол қиындықтардың бәрін көзімен көрген. Сондықтан да, ол қарапайым адамдардың тыныс-тіршілігін жақсы біледі. Оларға жаны ашиды. Адамдарға әрқашан көмектесуді өзіне мұрат санайды. Мен мұны Елбасымыздың сөзінен де, ісінен де таныдым.

Аллағағала Президентіміз – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевқа зор денсаулық, бақытты да ұзақ ғұмыр берсін! Нұрекең елін өзі ойлағандай әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосу жолында жан аямай еңбек ете берсін! Біздер ол кісіге тілекшіміз. Тілегіміз – ол кісінің амандығы! Атқа мінген азамат аман жүрсе, халқын тек қана жақсылыққа жеткізеді деп білеміз.

Тасты ауылдық округі.

ЕЛБАСЫМЫЗҒА ЗОР ДЕНСАУЛЫҚ ТІЛЕЙМІН

Бимағанбет КЕНЖЕБЕКОВ,
аудандық орталық аурухана хирургия бөлімінің меңгерушісі,
Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері

Бүгінгі таңда Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей көңіл бөліп араласуына байланысты денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық базасын және оның ішінде кадрлардың білімі мен біліктілігін көтеру жөнінде көптеген іс-шаралар атқарылып жатыр.

Осы тарапта біздің аудандық ауруханаға жас маман, яғни жас дәрігерлер келу үстінде. Оларға тиісті бағдарлама бойынша тұрмыстарына керекті жағдайлар жасалып, баспаналар берілуде. Алдағы уақытта да бізге жас дәрігерлер келеді деген үмітіміз бар. Біліктілігін арттыру мақсатында арнайы қалаға барып, оқып келіп жатқан жастарымыз да бар.

Аудандық денсаулық сақтау ұжымы өзінің ұйымшылдығымен, белсенділігімен көзге түсіп жүрген мекемелердің бірі. Қазіргі таңда бірнеше реформалар болып жатыр. Соңғы реформа - жалпы салауатты өмір сүру деген бағдарлама. Бұл бес



жылдық бағдарлама. Халықтың денсаулық сақтау саласында атқарылып жатқан жағдайлар.

Ал өзім жайлы айта кетсем, 1965 жылы Алматы медицина институтын тәмамдағаннан кейін жолдамамен осы Аманкелді ауданына қызметке орналастым. Сол жылдан бастап 1968 жылға дейін бас дәрігердің орынбасары болып жұмыс жасадым. Ал 1968 жылы аудандық партия комитетінің, оның бюросының шешімімен бас дәрігер болып тағайындалдым.

1988 жылға дейін аудандық аурухана мекемесін 20 жыл басқарып келдім. Бас дәрігер болып қызмет атқарып, қолымнан келгенше халыққа қызмет жасадым. Сонымен қатар өз мамандығым бойынша оташы болып үзбей қызмет жасап келемін. Сол 1965 жылдан бері 13-14 мыңдай операция жасадым. Алдағы жылы қызмет еткеніме 50 жыл толады.

Сегіз балам бар, сегізі де жоғарғы оқу орнын аяқтады. Қазір кенже ұлым Нұрлыбектің қолында тұрып жатырмын. Ол Б.Қолдасбаев атындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі. Ол өз ортасында беделді. Кәсібінің маманы. Келінім, екі немерем бар. Бүгінгі таңда міне, көріп отырғандай 73-тен асып, 74-ке аяқ бастым. Денсаулық жетсе, халыққа қызмет етіп, жастарға тәлім-тәрбие беріп, барымды саламын.

Біздің алаңсыз қызмет етуімізге жағдай жасап отырған Елбасымыз – Нұрсұлтан Назарбаев! Сондықтан да, Елбасымыз аман, халқымыз тыныш болсын!

ПРЕЗИДЕНТІ САЛДЫРҒАН ҚАЛА



Суреттерде: Елбасымыз - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен өмірге келген Астана қаласындағы сәулетті ғимараттар. Бұлардың қай-қайсысы болмасын әлемдік өркениет пен сәулет өнерінің озық үлгілерін бойына сіңіріп отырып, салынған құрылыстар. Олардың әр қайсысының өмірге келуіне Елбасымыздың тікелей қатысы бар. Ол кісі Астанада салынатын әрбір құрылыстың жобасын жіті қарап, сараптап, көркемдік тезінен өткізіп, нұсқа береді. Демек, Нұрсұлтан Әбішұлы Астана қаласының бас архитекторы. Астана оның төл перзенттерінің бірі іспетті.

БІЗ ПРЕЗИДЕНТІМІЗБЕН МАҚТАНАМЫЗ

Хайролла БӘЙДІЛДИН,
соғыс және еңбек ардагері

Аллатағала өзі құйған ол Қарағанды жерінде шынығып, шындалып шықты. Қатардағы гор-новойдан Елбасылық жолға дейінгі аралықты өзінің адал еңбегімен, жа-рат-ты-лы-сы-нда-ғы даналығымен, кең пейілімен жүріп өтті. Ең кереметі – Аллатағала оның қолына Қазақ Мемлекетінің тізгінін ұстатты. Сол тізгінді міне, 25 жылдан бері қарай мықтап ұстап келеді. Билікке келу бар да, оны ұстап тұру бар. Бұрынғы СССР, қазіргі ТМД Мемлекеттері арасында тұңғыш Президенттік қызметті теңселтпей ұстап келе жатқан 2 Прези-дент бар екенін біз жақсы білеміз. Оның бірі – біздің Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болса, екіншісі – Ислам Әбдіғаниұлы Кәрімов. Әрине, Өзбекстанның жағдайы бізге қарағанда көп жеңіл. Оның жерінің орналасуы және ұлтының көптігі



игі ықпал етсе, Қазақстан жері үлкен де ашық дәліз іспетті. Солтүстікте - Ресей, шығыста – Қытай секілді алып империялар орналасқан. Сонымен қоса, Қазақстанда 100-ден астам ұлт өмір сүруде. Дегенмен, біздің ақылына парасаты сай Президентіміз Тәуелсіздіктің 23 жылында елін барлық қиындықтар мен қатерлерден аман алып шықты. Әртүрлі қажығыстардың алдын

алып, берекесіздіктерге жол бермеді. Бүкіл әлеммен байланыс орнатты. Қазақ жері мен Қазақ елінің байлығын әлем боп игеруді жүзеге асырды. Жан-жақтан инвестиция құйылды. Нәтижесінде, Қазақ елі 23 жылдың ішінде адам танымастай өзгерді. Нұрсұлтан Әбішұлының бір ерлігі – Қазақ елінің астана-сын Алматыдан Ақмолаға көшіруі болды. Бұл жәйт еліміздің дамуына даңғыл жол ашты. Шынында да, астана – Мемлекеттің орта-сында болуы керек. Алай-да, мұны Назарбаевқа дейін ешбір басшы шеше алған жоқ. Астананың Ақмолаға көшірілуі - әсіресе, солтүстіктегі және орталық облыстардың қарқынды дамуына негіз қалады. Ал оның халыққа жақсылығы өте көп болды. Біз мұны күнделікті өмірімізден көріп отырмыз. Астанаға бару үшін баяғыдай 2-3 күн жүрмейміз. Бүгін кешке поезға отырсақ, ертең тәңертең Астанада боламыз. Барған шаруамызды бітіріп, кешке кері

қайтамыз. Осының өзінен-ақ көп жақсылықты тануға болады.

Біз, қарт кісілерміз. Соғыста елді қорғап, тыңда еңбек еттік. Соғыстың зардаптарын басымыздан кешірдік. Сол кезде халқымыз осындай Тәуелсіз мемлекет болады деп ойлаған жоқпыз. Біздің еліміздің бағына қарай билікке Нұрсұлтан Назарбаевтың келгені өте жақсы болды. Ол әлемдік деңгейдегі ысылған, шындалған саясаткер. Елінің есесін ешкімге жібермейді. Ұлтының мүддесін сұңғылалықпен қорғай біледі. Ешбір Президентке алдырмайды. Қайта оларды өзінің ыңғайына көндіре біледі. Біз, өз Президентімізбен мақтанамыз! Қазаққа дәл қазіргідей кезде Назарбаев секілді тамаша тұлға керек. Ол амандық болса елімізді биікке шығарады. Дамыған елдердің қатарына қосады. Біз бұған шүбәсіз сенеміз! Өйткені Тәуелсіздігіміздің өткен 23 жылында Назарбаев бізді тарихи зор

жетістіктерге жеткізді. Демек, алдағы уақытта да ол Қазақ елін әлемдегі дамыған өркениетті елдің қатарына қосады.

1 желтоқсан – Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Президенті күні бо-лып мереке ретінде ата-лып өтуі өте орынды. Себебі, әлі есімізде, 1991 жылдың 1 желтоқсаны күні Қазақстанда алғаш рет жалпыхалықтық Президент сайлауы болып өтті. Сол сайлауда Нұрекең Прези-дент болып сайланды. Ол күн - Қазақ халқы үшін аса қадірлі күн! Сондықтан да, бұл күннің мереке ретінде белгіленуі бәріміздің көңілімізден шықты. Бұл күні біз өз Президентімізге, оның еңбегіне лайықты құрмет жасауымыз керек. Істеген істерін айтып отыруымыз керек. Егер Түркия республикасы Кемал Ататүрікті қалай дәріптесе, біз де Нұрсұлтан Назарбаев-ты дәл солай ардақтауымыз керек. Ол - қазақ халқының бағына туған асыл Перзент және Президент! Оны Атақазақ деп атасақ, артық болмас деп есептеймін!

Есір ауылы.

БІРАҰЫЗДАН ҚОЛДАДЫ



Жақында Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің педагогикалық ұжымы Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауын талқылады.

Мектеп директоры А.К. Айтмағанбетов педагогикалық ұжымға Елбасымыздың жаңа Жолдауының мәні мен маңызы туралы кеңінен әңгімелеп берді.

- Бұл Жолдау – осыған дейінгі барлық Жолдаулардан өзгеше! Мұнда адамдарға қамқорлық ұшан-теңіз. Мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінің нақты көріністерін осы Жолдаудан көруге болады. Республика халқына жасалынатын қамқорлықтар нақты көрсетілген. Бөлінетін қаржылардың көлемі көңілге қуаныш ұялатады. Өзге елдер әлемдік дағдарыс кезінде не істерлерін білмей дағдарып жатқанда, Қазақстан өзінің өсіп-өркендеуін одан әрі жеделдеткелі отыр.

Өз басым Елбасымыздың Жолдауын үш қайтара оқып шықтым. Сондағы алған әсерім - еліміздің болашақта 30 елдің қатарына сөзсіз қосылатынына берік негіз бар. Қазақстан – үсті-үстіне дамып келе



жатқан ел екенін Жолдауды оқыған әр адам түсінеді деп білемін. Бұл – біздің Елбасымыздың көрегендігі. Жолдауды ерте жариялауы – өте орынды болды. Республика халқы енді сол Жолдауды Жаңа жылдан бастап құлшына жүзеге асыратын болады. Біз де солардың біріміз. Өз басым мектебіміздің ұжымы жас ұрпаққа білім беру саласындағы қол жеткен жетістіктерін баянды ете отырып, оқу-тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіреді деп сенемін.

рек! – деді Абай Кәрімұлы. Оның сөзін оқу-тәрбие ісінің орын-басары Г.Медетова, ағылшын тілі мұғалімі А.Хамидоллақызы, математика пәнінің мұғалімі Ж.Ермағанбетова бастауыш сынып мұғалімі Ә.Мұхамеджанова және басқалар бірауыздан қолдады. Мектеп ұжымы Елбасымыздың биылғы Жолдауын жүзеге асыруға бір кісідей жұмылатындықтарын бідірді.

Өз тілшіміз.

Суреттерде: Б.Қолдасбаев атындағы орта мектепте Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауын талқылаудан көріністер.

«НҰРЛЫ ЖОЛ» - ДАМУ ДАҢҒЫЛЫ

Аймұрат ТЕНТЕКОВ,
Аманкелді ауданының прокуроры,
әділет кеңесшісі

жылға дейін жыл сайын ең азы 200 миллиард теңге бөлгенде кем дегенде 2 триллион теңгені құрайды.

Тарифтердің айтарлықтай ұлғаюына жол бермеу үшін ондай жобаларды мемлекет қосымша қаржыландыруы керек. Осыған байланысты жылу және сумен қамтамасыз ету жүйелерін жаңғырту қарқынын жеделдету үшін бюджетте қарастырылған қаржыға қосымша жыл сайын 100 миллиард теңге бағыттау ұтымды болмақ.

Халықтың әл-ауқатын жоғарлату үшін Жолдаудың бұл бағытының маңыздылығын есепке ала отырып, бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдалануы мен сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алу қажет болады.

Сонымен қатар, Жолдаудың жетінші бағытына сәйкес, шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бүгінде Ұлттық қордан ШОБ-ты қолдауға және несиелеуге бағытталған 100 миллиард теңге толықтай игерілді. Бұл 4,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бұл қаржыға сұраныс ұсыныстан 23 миллиард теңгеге асып түсті. Бизнесі 10 жылға бар-жоғы 6 пайызбен несиелеудің бұрын-соңды болмаған шарты жасалды. Мұндай шарттар біздің елімізде бұған дейін болған емес. ШОБ-ты экономикалық өсімнің драйвері ретінде дамыту және оның үлесін 2050 жылға қарай ІЖӨ-нің 50 пайызына ұлғайту бойынша жұмысты жалғастырып жөн. Сондықтан шағын және орта бизнес үшін 2015-2017 жылдары жалпы сомасы 155 миллиард теңге несиелерін АҚБ, ЕҚДБ, Дүниежүзілік банк есебінен тиімді пайдалану қажет.

Бұл жағдайда да, Жолдаудың көрсетілген бағытын тиісті деңгейде іске асырып, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы экономиканы көтеруге және белсендетуге бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдалануы мен қаражат түпкілікті нүктеге жеткен және игерілген уақытқа дейін сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алу қажет деп санаймын.

Сонымен, Республика Президентінің биылғы Жолдауы халықтың әл-ауқатын арттыру үшін барша мемлекеттік органдарға зор міндеттер жүктелді.

Дегенмен, Жолдауды іске асыруға өз үлесін қосу - әрбір қазақстандықтың Отан алдындағы борышы деп есептеймін.

Жолдауда аталып өткендей «Нәтижесінде ол әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты мен өмір сапасында көрініс табады. Ал ең бастысы – осының бәрі болашақ ұрпақтың байлығы ретінде біздің жерімізде қалады.»

Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылдың 11 қарашасындағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан халқы үшін, жалпы Қазақстан үшін аса маңызды бағдарламалық құжат болып табылады.

Жолдауда айтылып өткендей «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы.»

Тиісінше Президент Жолдауында әрі қарай дамуға серпін беретін басты бағыттарды белгіледі: көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту; индустриялық инфрақұрылымдарды дамыту; энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту; ТКШ мен су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту; тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту; әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту; шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру.

Токтала кетсек, Жолдаудың төртінші бағытына сәйкес, ТКШ мен су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту. Инвестицияларға жалпы қажеттілік қаржыландырудың барлық көздерінен 2020

АРДАГЕРЛЕР БІРАУЫЗДАН ҚОЛДАЙДЫ

Біздер, XX ғасырдың 20-30 жылдарында туған ұрпақ Ұлы Отан соғысын да, серіктестік пен колхоз құрылысын да, тылдағы жанқиярлық еңбекті де басымыздан кешірдік. Мен қазір 85-тен 86 жасқа қарап тұрмын. Алланың ұзақ ғұмыр және бақытты тірлік бергеніне шексіз ризамын. Күн сайын туған Отаным және барша адамзат баласына тыныштық пен бейбітшілік тілеймін.

Мен елімізде әрдайым жақсылықтар болуын қалаймын және соған үнемі көңіл аударып отырамын. Аллатағала жақсылықты - өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген пенделеріне сыйлайды. Елбасымыздың әрбір Жолдауы - Қазақстанымыздың өркендеп - өсуіне үнемі ықпал етіп келеді. Сондықтан да, қазақстандықтар ол кісінің әр жылғы Жолдауын қуанышпен қарсы алады. **Биылғы Жолдаудың ерекшелігі - бұл еліміздің жаңа экономикалық саясатын белгілеп берді.** Қай кезде де экономика дамымай - қай шаруа да алға баспайды. Мен өмір бойы есеп саласында қызмет

жасадым. Көп жылдар мекемелерде және совхоздарда бас бухгалтер болып еңбек еттім. Сондықтан да, мен сөзден гөрі істі қалаймын. Елбасымыздың биылғы Жолдауы - әлем тығырыққа тіреліп тұрған дағдарыс кезінде Қазақстанның алға басу жолын көрсетті. Ол - әрине, «Нұрлы жол»! Атының өзі айтып тұрғандай, бұл жол бізге, біздің халқымызға, барша отандастарымызға жақсылық сыйлағалы отыр. Сондықтан болар әлемдегі көптеген саясаткерлер мен мемлекет қайраткерлері Елбасымыздың биылғы Жолдауын жан-жақты талқылап, талдап, оған ерекше маңыз беруде.

Кейде біз өзіміздің жақсы істерімізді бағалай алмай жатамыз. «Сырт көз - сын-лекет» деп бабаларымыз бекер айтпаған. Әлемнің ақпаптал саясаткерлері **«Президент Назарбаев қазіргі күрделі дағдарыс кезінде елін даму жолына бастап отыр»** деп бекер бағалап отырған жоқ.



Елбасымыз - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев бұл Жолдауды әдеттегідей емес, ерте жариялады. Мұның себебін өзі айтты да. Расында да, бұл Жолдау - Жаңа жылға бірер ай қалғанда жариялануы өте құптарлық. Себебі республика халқы қазір еліміздің ұлы мерекесі - Тәуелсіздік және Президент күндері қарсаңында Жолдаудан жігер алып, Жаңа жылға жаңа үмітпен барғалы отыр. Атқарылатын істер Жаңа жылға дейін белгіленіп, саралануы -

өте жақсы бастама. Қазір қазақстандықтарға 2015 жылы атқарылатын шаруалар түгел белгілі болып отыр. Қай саланы алсаңыз да, жақсылық жолдарын көресіз. Мысалы, Жолдауға байланысты Ұлттық Қордан экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014-2015 жылдарға 500 миллиард теңгеден 2 транш бойынша 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданғаны белгілі. Осы жобаларды аяқтау үшін Елбасы Үкіметке Ұлттық Қордан тағы да 500 миллиард теңге көлемінде екінші транш қаржысын бөлуді алға қойды. Бұл қаржыдан біріншіден, шағын және орта бизнесті, сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеуге қосымша 100 миллиард теңге бөлмек. Бұл тамақ және химия өнеркәсібіндегі, машина жасаудағы, сондай-ақ қызмет көрсету саласындағы жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Екіншіден, Банк секторын сауықтыру және «жаман» несиелерді сатып алу үшін 2015 жылы Проблемалы несиелер қорын қосымша 250 миллиард теңге көлемінде капиталдандыруды қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, жаңа инвестициялар тарту үшін 2015 жылы «құрғақ порттың» бірінші кешені құрылысын аяқтауға, «Қорғас - Шығыс» қақпасы және Атырау мен Тараздағы «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймақтары инфрақұрылымдарына 81 миллиард теңге бөлуді алға қойды.

Төртіншіден, бұған дейін бөлінген 25 миллиардқа ЭКСПО - 2017 кешені құрылысын жалғастыруды несиелеу үшін 2015 жылы қосымша 40 миллиард теңге бөлуді тапсырды.

Бесіншіден, ЭКСПО - 2017 көрмесі қарсаңында Астананың көліктік инфрақұрылымын дамытуды алға қойды. Астана аэропортының әлеуетін

арттыру үшін 2015 жылы жаңа терминал құрылысы мен ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту үшін 29 миллиард теңге бөлуді Үкіметке тапсырды.

Міне, осы цифрларға қарап отырып-ақ, еліміздің қалай өркендейтіні көңілге қуаныш ұялатады.

Елбасы өзінің бәріміз үшін аса құнды осы Жолдауында жалынды жастармен қатар, өмір көрген, көп жасап, мол тәжірибе жинақтаған ардагер ұрпаққа да көп міндеттер жүктеліп есептеймін. Біздер, ардагерлер қазіргі жастарға бүгінгі Тәуелсіздігіміздің қалай келгенін үнемі кеңінен әңгімелеп отыруымыз керек. Сонда олардың туған Отанымызға деген патриоттық сезімдері артып, өмірге деген құштарлықтары еселене бермек! ешкім де бірден данышпан болып тұмайды. Әр жас ұрпақ алдындағы аға ұрпақтан үлгі-өнеге алып өседі.

Қорыта айтқанда біздер, ардагерлер, Елбасы Жолдауын бірауыздан қолдаймыз!

Ғалымжан ЖҮНІСОВ,
тыл және еңбек ардагері.

«НҰРЛЫ ЖОЛ» - НҰРЛЫ ӨМІРГЕ БАСТАЙДЫ

Елбасымыздың әр жылғы Жолдауы - тарихи құжат. Қайсысын алып қарасаңыз да стратегиялық маңыздылығы мен белгілі бір мерзімде нақты міндеттер мен мәселелердің шешілуін қамтамасыз етуге бағытталғанын көреміз. Биылғы Жолдау да осы тұрғыдан сипатталған: бәрімізді «Нұрлы Жолға» жұмылдырып отыр. Міне, жасампаздыққа жетелеген осы «Нұрлы Жол» табыстарымызға ұйытқы болып, еліміздің еңсесін биіктетіп, ғаламдық өркениет өрісіне шығармақ. Елбасы: қайнаған тіршіліктің бәрі - елдің күрежолына қатысты екенін баса айтты. Өйткені, жолдардың дамуы - тіршілікпен тығыз, тікелей байланысты: бәсекелестік кеңістікте жолдары дамыған ел ғана алдыңғы орынға шығатынына көзіміз жетті.

«Жол - шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі», - деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы Жолдауында. Барлық аймақтар теміржолмен, автожолмен, әуе жолмен өзара тығыз байланысуы керек. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен саудасаттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішінде тың нарықтар ашады. Осылай, алысты жақын ету-бүгінгі Жолдаудың ең басты түйіні болмақ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты



еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», деген еді. Қазақстан халқына арналған былтырғы Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыздың - түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын - Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялады. Енді, міне, Қазақстан халқына арналған «Нұрлы Жол» атты дәстүрлі Жолдауын жолдап отыр.

«Нұрлы Жол» - барша қазақстандықтардың өміріне, болашағына қатысты құжат. Ертенгі бағытын, жүретін жолын, өсу жолындағы мұратын анық білген елдердің қандай жеңістерге жеткенін тарихтан білеміз. Біздің еліміз Тәуелсіздігіне енді қол жеткізіп жатқанда алдағы 30 жылын ойласа, енді жүрісін дұрыстап, тынысын жөндеп алғанда «Нұрлы Жол» деген мұратты алға қойды. Нұрлы Жол деген - халықтың жағдайы! Нұрлы Жол - елдің өрлеуі! Нұрлы Жол - нұрлы

жарқын өмір!

Елбасымыз халыққа биылғы Жолдауында: «Біз Жалпыұлттық идеямыз - «Мәңгілік Елді» басты бағдар етіп, Тәуелсіздігіміздің даму даңғылын «Нұрлы Жолға» айналдырды. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел «Нұрлы Жолда» бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы», - деген тұжырым жасады.

«Мәңгілік Ел» болу мәселесі және «Нұрлы Жолда» атқарылуға тиісті іс-шаралардың бәрі де ең әуелі халқымыздың санасына терең сіңірілуі керек. Сонда әркімнің мемлекет алдындағы, өз ұлтының алдындағы жауапкершілігі де арта түседі. Сондықтан да, Елбасымыз «2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша



рөлге ие. Біз 2015 жылды «Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы» деп жарияладық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда», - деді.

Халық «Бірлік бар жерде - тірлік бар» дейді. Елбасымыздың елімізді жауапкершілікке шақыра отырып, жаңа бастама - «Нұрлы жолымызды» қуаттандырғаны мемлекетімізді баянды белестерге бастайды деп сенеміз.

Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларының барлығында жастардың елдің ертеңі екенін нақты айтады. «Мәңгілік Ел» идеясы жастардың жастанып жатар құндылығы болуы керек. Біз ертеңгі болашақ ұрпақты дайындайтын білім ордасы болғандықтан, Елбасы айтқан «Мәңгілік Ел» ұғымын жас ұрпақтың тәрбие тірегі етіп аламыз. Бүгінгі бүлдіршін - ертеңгі оқушы, студент, ертеңгі жас маман елін сүйсе, елі мен жерін көркейту оның қолынан әбден келеді. Әр жас өзінің меңгерген мамандығы арқасында елінің дамуына үлес қосуға ұмтылады. Жолдау да осыған бағыттайды.

Гүлжәмила БӘЖЕНОВА,
«Жұпар» балабақшасының меңгерушісі.

ЖАСАМПАЗДЫҚҚА
ЖЕТКІЗЕТІН ЖОЛДАУ

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды тарихи оқиға. Ол - «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті.

Елбасы жолдауында басталған жобаларды аяқтау және аса өткір мәселелерді шешу үшін Үкіметке Ұлттық қордан 500 миллиард теңге көлемінде екінші транш қаржысын мына мақсаттарға бағыттауды тапсырып отыр.

Бірінші. Шағын және орта бизнесті, сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеуге қосымша 100 миллиард теңге бөлу қажет. Бұл тамақ және химия өнеркәсібіндегі, машина жасаудағы, сондай-ақ, қызмет көрсетулер саласындағы жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Екінші. Банк секторын сауықтыру және «жаман» несиелерді сатып алу үшін 2015 жылы Проблемалы несиелер қорын қосымша 250 миллиард теңге көлемінде капиталдандыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

Үшінші. Жаңа инвестициялар тарту үшін тиісті жағдайларды жақсарту қажет. Осы мақсатта 2015 жылы «құрғақ порттың» бірінші кешені құрылысын аяқтауға, «Қорғас-Шығыс қақпасы» және Атырау мен Тараздағы «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймақтары инфрақұрылымдарына 81 миллиард теңге бағыттауды тапсырды.

Төртінші. Бұған дейін бөлінген 25 миллиардқа ЭКСПО-2017 кешені құрылысын жалғастыруды несиелеу үшін 2015 жылы қосымша 40 миллиард теңге бөлуді тапсырды.

Бесінші. ЭКСПО-2017 қарсаңында бізге Астананың көліктік инфрақұрылымын дамыту туралы ойластыру қажет. Астана аэропорты осы жылдың өзінде-ақ өзінің максималды өткізу қабілеті-3,5 миллион адамға жетеді. Сондықтан оның әлеуетін ұлғайту үшін 2015 жылы жаңа терминал құрылысы мен ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту үшін 29 миллиард теңге бөлуді тапсырды. Бұл өткізу қабілетін 2017 жылға қарай жылына 7,1 миллион жолаушыға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қазір ел-елде, жер-жерде Елбасының биылғы Жолдауы туралы ой-пікірлер айтылуда. Жиындар ұйымдастырылып, Жолдауды атап көрсетілген негізгі бағыттарға сараптамалық түсіндірулер жүргізіліп жатыр. Сол тұрғыда Аманкелді аудандық сотында жедел кеңес өткізіліп, судьялар мен мамандар пікірлесіп, ойларын ортаға салды.

А.УТЕУЛИНА,
Аманкелді аудандық сотының бас маманы



2014 жылдың 26 қарашасы күні сағат 15-те Қ.Өбенов атындағы Мәдениет үйінде аудандық мәслихаттың 20 жылдық мерейлі мерекесіне арналған салтанатты жиын өткізілді. Оны аудандық мәслихаттың хатшысы Ә.Қ.Саматов кіріспе сөз сөйлеп ашты.

Жиынға аудандық мәслихаттың I-V шақырылым депутаттары, аудан әкімінің орынбасарлары, аудан әкімі және аудандық мәслихат аппараттарының басшылары, мәслихат аппаратының қызметкерлері, құқық қорғау органдарының басшылары, кәсіпорын, мекеме, ұйым басшылары, ауылдық округ әкімдері және БАҚ өкілдері қатысты.

Салтанатты жиын ашық деп жарияланған соң, Мемлекетіміздің Гимні ойналды.

Аудандық мәслихаттың 20 жыл ішінде атқарған жұмыстары туралы мәслихат хатшысы А.Қ.Саматов мерекелік баяндама жасады.

Мұнан соң жиналған қауымды аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозов,

аудандық мәслихаттың бұрынғы депутаттары: аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитов, зейнеткер М.Есенова, «Елнұр» шаруа қожалығының төрағасы М.С.Оспанов, облыстық мәслихаттың алғашқы депутаты, аудандық «АА» газетінің бас редакторы Х.Қ.Мұсабаев құттықтады.

Мұнан соң аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қ.Саматов аудан әкімі Ж.Қ.Таукеновке, аудандық мәслихаттың бұрынғы хатшысы Ж.С.Оташевқа, бұрынғы депутаттар Ж.Қожахметовке, М.С.Оспановқа Қазақстан мәслихаттарының 20 жылдық мерекелік медалін тапсырды.

Келесі кезекте аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозов осындай медальды аудандық мәслихаттың қазіргі барлық депутаттары мен аудандық мәслихат аппаратының барлық қызметкерлеріне тапсырды.

Аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозов аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қ.Саматовқа Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін тапсырды.

Аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин Б.А.Алтынсарин атындағы орта мектеп



директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары Қ.Б.Мақсұтбаеваға ҚР Білім және ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасын және аудандық мәслихаттың бұрынғы депутаты Амангелді орта мектебінің дирек-

торы Т.Е.Құсайыноваға, облыстық балалар ауруханасының бас дәрігері Т.С.Темірхановқа, облыстық мәслихаттың бұрынғы депутаттары: «АА» газетінің бас редакторы Х.Қ.Мұсабаевқа, зейнеткер Ә.Әбілтайевқа,

Б.А.Алтынсарин атындағы орта мектеп директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары Ә.Қ.Серікбаеваға аудан әкімінің Алғыс хатын тапсырды.

Келесі кезекте аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қ.Саматов аудандық мәслихаттың бұрынғы депутаттары: зейнеткерлер Ж.Қожахметов пен Т.Ізтілеуұлына, Арқалық қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы М.К.Айтмағанбетоваға, зейнеткер Ж.С.Оташевқа, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитовқа, аудандық орталық кітапхана жүйесінің кітапханашысы Қ.Ә.Әміржановаға, Тасты ауылдық округінің әкімі Қ.Ә.Жұмабаеваға, аудандық мәслихат аппаратының бас маманы А.Б.Нұрсейітовке, «Нәмен» шаруа қожалығының төрағасы Б.Н.Тілеубаевқа, аудандық қазынашылық банк басшысы Ж.Е.Шалғынбаевқа аудандық мәслихаттың грамоталарын тапсырды. Ә.Қ.Саматов мұнымен қатар аудандық телекоммуникация то-рабы, Б.Қолдасбаев атындағы орта мектеп,

«Қостанай южэлектросервис» КМК аудандық бөлімшесі мекемелеріне және Амантоғай ауылдық округі әкімі Ж.Р.Ильясовқа, Үрпек ауылдық округі әкімі Ж.Т.Жақыбаевқа, Жас-буын орта мектебінің директоры Б.Ш.Дәуітбаевқа, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Ж.Ә.Махатовқа, кәсіпкер М.М.Хамзинге, аудандық мемлекеттік кіріс басқармасының басшысы М.Сейткамаловқа, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы М.М.Тобағабыловқа, аудан әкімі аппараты ұйымдастыру бөлімінің басшысы А.Т.Ибраеваға, зейнеткер Ж.Х.Қасымовқа, Тасты орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Ә.Қойгелдинаға, Қабырға ауылдық округінің бас маманы М.С.Сейтқожинге, зейнеткер Ж.Табылдинге, аудандық мәслихаттың Алғыс хатын тапсырды.

Салтанатты рәсім соңынан аудан өнер шеберлері жиынға қатысушыларға концерт қойып берді.

Өз тілшіміз.

Суреттерде: аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қ.Саматовтың аудандық мәслихаттың бұрынғы депутаты, «Елнұр» шаруа қожалығының төрағасы М.С.Оспановқа, аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозовтың мәслихаттың қазіргі депутаты З.Ө.Сүйлейменовқа 20 жылдық мерекелік медальді тапсырып тұрған сәті.

Аудандық әкімдікте

ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ

2014 жылдың 27 қарашасы күні сағат 10-да аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудан әкімдігі жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестің кезекті 4-ші отырысы өткізілді.

Кеңес отырысын аудан әкімінің орынбасары және аталмыш кеңес төрағасының орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды.

Кеңеске мектеп директорлары, тәрбие ісінің меңгерушілері,

мемлекеттік мекеме басшылары, ауыл және ауылдық округ әкімдері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Кеңес отырысының күн тәртібінде төмендегі мәселе қаралды: «Ауылдық жердегі жастармен жасалынатын жұмыстар. Олардың бос уақытын тиімді ұйымдастырудың атқарылған жұмыстар туралы».

(Хабарламашылар: ауылдық округ әкімдері

Ж.Ильясов, Д.Токтаров және ауылдық округтің бас маманы Г.Рахметова).

Хабарламашылардың баяны тыңдалып, мәселе жан-жақты талқыланды. Кейін кеңес отырысы 4 баптан тұратын шешім қабылдады.

Шешімнің орындалуына бақылау жасау кеңес төрағасының орынбасары С.У.Хайруллинге тапсырылды.

РӘМІЗДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

2014 жылдың 27 қарашасы күні сағат 10.30-да аудандық әкімдіктің мәжіліс залында «Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және мемлекеттік рәміздер туралы» комиссияның отырысы өткізілді.

Отырысты комиссия төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды.

Отырысқа мектеп директорлары, тәрбие

ісінің меңгерушілері, мемлекеттік мекеме басшылары, ауыл және ауылдық округ әкімдері және БАҚ өкілдері қатысты.

Комиссия отырысының күн тәртібінде төмендегі мәселе қаралды.

«Мәдениет мекемелерінде мемлекеттік рәміздерді насихаттау бағытында өткізілген іс-шаралар туралы».

(Хабарламашы - аудандық әкімдіктің мәдениет және тілдерді дамыту

бөлімі) КММ басшысы Р.Ағажанова).

Комиссия отырысы Р.Ағажанованың хабарламасын тыңдап, талқылай келе 4 тармақтан тұратын тиісті шешім қабылдады.

Шешімнің орындалуына бақылау жасау, аудан әкімдігі жанындағы мемлекеттік рәміздерді насихаттау және мемлекеттік рәміздер туралы саясатты ауданда іске асыру комиссия хатшысы Н.Тәжинге жүктелді.

ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРМЕН БАЙЛАНЫС ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ

қатысқандар толық қатысты.

Отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселе қаралды:

«Аудан мектептеріндегі рухани танымдық, діни сауаттылықты арттыру мақсатында жүргізілген жұмыстар туралы».

Бұл

жөнінде аудандық білім беру бөлімі КММ басшысы С.Туленов хабарлама жасады.

Кеңес отырысы қаралған мәселе бойынша 4 тармақтан тұратын шешім қабылдады. Шешімнің орындалуы кеңес хатшысы Н.Тәжинге жүктелді.

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ

2014 жылдың 27 қарашасы күні сағат 11.30-да аудандық әкімдік жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің кезекті 4 отырысы өтті.

Кеңес отырысын оның төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды.

Отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселе қаралды:

«Әлеуметтік білім беру бөлімдерінің әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру барысында атқарылған іс-шараларының қорытындысы және ҰЕҰ ұсынысы негізінде 2015 жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстардың лоттар бойынша тақырыптарын талдау.

(Хабарламашылар: аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі КММ басшысы М.Тобағабылов, білім бөлімі КММ басшысы С.Туленов, ішкі саясат бөлімі

КММ басшысы Н.Тәжин).

Хабарламалар тыңдалып, талқыланды. Кейін кеңес отырысы 5 тармақтан тұратын шешім қабылдады.

Шешімнің орындалуына бақылау жасау кеңес төрағасының орынбасары Н.Тәжинге жүктелді.

Кеңес және комиссия отырыстарын С.У.Хайрулин қорытындылады. Алда тұрған міндеттерді нақтылады.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитов жиналғандарды «Ардагерлер айнасы» газетіне жазылуға шақырды.

Ал аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы М.Р.Сыдықов кеңеске қатысушыларға жаңадан қабылданған, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін Қылмыстық Кодекс туралы Заңға түсініктер берді.

«НҰРЛЫ ЖОЛ» — ЕЛ ЕРТЕҢІН НҰРЛАНДЫРАДЫ



Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жария еткен жаңа Жолдауы егемен еліміздің жасампаздық жолын жалғастырудың алдағы бағыт-бағдарын тағы

да берік белгілеп берді. Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» Стратегиясы елдің дамуына нық қадам бастыратын, тарихтың жаңа бетін аштыратын, алысты

жақындататын, жақынды жарқын қалатын шын мәніндегі аса маңызды бағдарламалық құжат. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың кезекті Жолдауы Қазақ елін

биік белестерге көтере отырып, халықтың әлеуметтік ахуалын анағұрлым жақсартуға бағытталған. Маңыздысы сол, алға қойылған ұлан-асыр міндеттерді жүзеге асыру жалақы мен зейнетақы көлемін төмендетпеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында қарапайым халықтың жағдайына көбірек тоқталды. Мысалы, халқымыздың жартысы тұратын ауылда әрбір аулада өз қорасы, онда толған малы болса, бұл сол отандастарымызға өз мәселелерін өз беттерімен, өз ресурстарымен шешуге мүмкіндік берер еді. Олар мәселен, өздерін-өздері азық-түлікпен қамтамасыз ете алады. Мемлекет бұл істі қолдағалы отыр.

Ең бастысы біздер — еліміз тұрғындары ерінбей-жалықпай еңбек етіп, экономиканың дамуына зор үлес қосуымыз қажет. Жолдаудың басты мақсаты міне, осы!

Рая АЛМАГАМБЕТОВА,
аудандық орталық
кітапхананың директоры

ЕЛБАСЫН АРДАҚТАҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ НЕМЕСЕ БІР МЕКТЕПТЕН ХАБАР



2014 жылы қарашаның 25 күні Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектепте І-ші желтоқсан - Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты салтанатты жиын өткізілді.

Берімізге белгілі 1991 жылы І желтоқсан күні Қазақстан халқы Н.Ә.Назарбаевты Қазақстан Республикасының Президенті етіп сайлады.

Содан бері даму үстіндеміз. Үздік 50 елдің қатарына кіріп, бой көтеріп, аспанымыз ашық болып, Тәуелсіздігіміздің туы желбіреп тұр. Біздің Елбасымыз - талантты тұлға! Ол халқын нұрлы жолымен болашаққа бастап келеді.

Аталмыш салтанатты жиында алғашқы құттықтау сөз кезегі мектеп директоры А.К.Айтмағамбетовке берілді. Ол ұстаздар мен оқушыларды халықтық ме-

рекемен құттықтады:

- Қазақ халқының бағы - Нұрсұлтан ағамыздың Алаш жұртын осындай жоғары дәрежеге жеткізуінің арқасы. Сонымен қатар өзге елдерге беделді. Күні кеше ғана теледидардан көрсеткендей өзге елдің басшылары келіп, оның ісіне жоғары баға беріп жатыр. Өйткені біздің елде тыныштық, біздің елде бейбітшілік, Тәуелсіз

мемлекетіміз бой көтеріп тұр.

Оқушылар, сендерге де сондай дәрежеге жетуге болады. Ол үшін сендер дұрыстап оқуларың керек. Жаксы тәрбие алуларың керек. Аяғымызды нық басып, өз елімізде, жерімізде жаксы табысқа жету мүмкіншілігіміз мол, - деді.

Бағдарламада Елін сүйген Елбасымыздың балалық шағы көрсетіліп, қанатты сөздері айтылып, өлеңдері оқылды. Айта кеткен жөн болар: «Өз тарихын сыйламаған халық - өзін де сыйламайды», «Елдің бетінде, желдің өтінде жүрген адамға - сынақ көп», «Білімді дамыта алмайтын елдің - болашағы жоқ», «Ұлт болашағы - білімді ұрпақ қолында». Елбасымыздың айтқан осы қанатты сөздері даналықтың өзі емес пе?!

Кеште сонымен қатар әндер айтылып, билер биленді. Хормен «Менің Қазақстаным» әні орындалды. Мектебіміздің информатика пәні мұғалімі Қабдуалиева Әсем бастаған 9 «В» сынып оқушылары дайындаған мерекелік концерттік бағдарламасы көрерменнің көңілінен шықты.

Әнет ЖҰМАБЕК,
өз тіліміз.

ІЛКІМДІ ІСТЕРДІҢ ІРГЕТАСЫ

Барша жамағат болып, жыл сайын Елбасының Жолдауын тағатсыздана күтетініміз рас. Өйткені, Мемлекет басшысының әр үндеуі халыққа жаңа дем, тың серпіліс береді. Нақты қадамдар көрсетіліп, атқарар ауқымды істер айқындалады. Осы жолғы Жолдау да көптің көңілінен шығып отыр. Оған елдің түкпір-түкпірінен шығып жатқан лебіздер легі дәлел. Сол төркіндес тілектерді мен де көкейге ноқталаған ой-пікіріммен сабақтауды жөн көрдім.

Көшбасшымыз ұсынған «Нұрлы Жолмен» барлық қазақстандықтар жігі танысты. Қолдап, қуаттап та жатыр. Себебі, бұл үндеуде барлық сала қамтылып, әлеуметтің әлеуетін арттыруға негізделген нақты жұмыстар жүйелі түрде көрсетілген. Мемлекет экономикасын қуаттайтын негізгі құралдардың бірі — бизнес. Елбасы осы Жолдауында да шығын және орта бизнесті назардан тыс қалдырмады. Кәсіпкерлікке кең өріс беру үшін көлденеңнен келетін кедергілер жойылуы. Сәйкесінше, еңбек етем деушілер мемлекеттің қолдауына ие болып, кәсібін дөңгелетіп жатыр. Бұның барлығы мемлекет басшысының сындарлы саясатының жемісі болса керек. Енді елді елең еткізіп, сауелі үміттерін ақиқатқа бір табан жақындата түскен Жолдаудағы әуелгі тақырыпқа ойыссақ, әрине, бұл баспана хақында. Қазақстандықтар үшін тұрғын үй қолжетімді болу үшін бұған дейін де ілкімді істер атқарылған еді. Оны сіз бен біз көріп-біліп жүрміз. Елбасы осы Жолдауында бұл игі іс одан әрі қарқын ала түсуі үшін, нақты тапсырмалар жүктеді. Президентіміздің парасатты пәрменінен кейін жамағаттың пәтерлі болуына айтарлықтай жеңілдіктер жасалатынына бек сенімдіміз.

Нұрсұлтан Назарбаев ерекше екпін сала айтқан салмақты түйткілдердің бірі аурухана мен мектеп мәселесі. Қазіргі таңда тұтас ел бойынша білім ошақтары мен ауруханалар көптеп бой көтеруде. Енді бұл жұмыс одан әрі ұлғайып, дами түспек. Үш ауысымды оқу орындары түбегейлі жойылып, заманауи кейіптегі яғни, жаңа медициналық құрылыстармен жабдықталған ауруханалар аудан-қалаларда салынары сөссіз. Балабақшалар да солардың санатында. Жолдауда жолдар тақырыбы да тілге тиек етілді.

Елбасы аймақтарды бір-бірімен жалғап жатқан күре жолдарды күрделі жөндеуден өткізіп, жаңа бағыттағы жолдарды салуды тапсырды. Сәйкесінше, алыс-жақында орналасқан ағайын арасындағы барыс-келіс әлдеқайда жеңілдемек.

Президентіміз жас буынға қашанда үлкен сенім артып келеді. Сол сенімге селкеу түскен де емес. Жастар - үнемі дамушы буын. Сондықтан, оларға түзу бағыт-бағдар дәйім қажет. Елбасы бұны ескеріп, ел болашақтарына қолдау тағытып жатқаны мәлім. Кез-келген жасөспірімнің сапалы білім алып, білікті маман болып шығуына бүгінде толықтай жағдай жасалған. Тек, сенім артылған буыннан ынта мен құлшыныс табылса игі.

Қазіргі таңда Қазақстан алдында ауқымды белестер күтіп тұр. Соның бірі жаһандық ЭКСПО көрмесі. Әлем назарындағы бұл шара Сарырақ төрінде өтетінін өзі ауыз толтыра айтарлықтай абыройлы іс. Ауқымды жетістік. ЭКСПО кешенінің құрылысына қосымша 40 миллиард теңге бөлуі тапсырды Елбасы. Бұл дегеніңіз, әлемдік маңыздылығы мол көрмені жоғары деңгейде өткізу үшін жасалған жауапты әрі нақты қадам. Бұйырғса Тәуелсіз мемлекетіміздің Елордасы ЭКСПО-ны еркін еңсереді.

Қазақстан татулықты ту еткен мемлекет. Ынтымағы жарасқан елдің ырысы да артып жатыр. 130 - дан астам ұлттар мен ұлыстар бейбіт ғұмыр кешіп жатқанымызға дүние жүзі тәтті десек артық айтпағандық. Еліміздегі әр ұлыс өзінің ұлттық салт-дәстүрі мен мәдениетін хәм ана тілін кедергісіз дамытып, дәріптеп жатыр. Себебі, мемлекет еш шектеу қойған емес. Сәйкесінше, этнос аралық ауызбіршілік өрісті әрі өзгелерге өнегелі. Бұндай тағылымды жетістіктің басты тетігі болып отырған, әрине, Қазақстан халқы Ассамблеясы. Оның құрылғанына келер жылы 20 жыл толады. Оның үстіне Ата заңымыз да сол мерейлі датаға жетпек. Бұның барлығы татулығы жарасқан Қазақ елінің, Мәңгілік елдің мәртебесі.

Тірліктің тынысы тоқсан тарау, сексен сала. Соның барлығын Елбасы жыл сайын Жолдада қамтиды. Осы жылы ұсынған «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық саясаты болашаққа бастар даңғыл жолымыз. Мақсат-межелімізден адастырмас жеті қаракшымыз болса керек. Сондықтан, Көшбасшымыз айқындап берген «Нұрлы Жолда» әр қазақстандық аянбай тер төгу керек.

А.ЖИЕНТАЕВ,
аудандық әділет басқармасының маманы.

ЕЛБАСЫ ЖАЙЛЫ КІТАПТАРДЫ ЖИІ ОҚИМЫН

Мен Б.Қолдасбаев атындағы мектептің 11-ші сынып оқушысымын. Жастайымнан әдебиетке жақын болғандықтан көптеген кітаптарды қызыға оқыдым. Соның бірі - Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан атамyz жайлы кітап. Елбасымыздың балалық шағы, өмірбаяны мені ойландырды. Ол кісі жайлы көптеген кітаптар оқыдым. Ол біздің аудандық кітапханада бар. Елбасымыздың қалай дүниеге келуі, есімінің берілуі, мектеп өмірі жайлы және қандай оқуға түсіп, қандай жұмыстар жасағаны жайлы толық қамтылған.

Айта кетсем, Президентіміз Н.Ә.Назарбаев 1940 жылдың 6-шы шілдесі күні Алматы облысы, Қаскелең ауданындағы Шамалған ауылында дүниеге келген.

Сәбиге ат таңдаудың өзі бір оқиға болған. Шілдехана тойына жиналған ағайын, туыстар әр түрлі есімдер айтып жатады. Жаңа туған ер баланың есімін көпті көрген әулеттің үлкен әжесі Мырзабала «Менің сүйікті немерем екі бірдей есімді алып жүрсін. Оның аты Нұрсұлтан болсын!» деп жаңа туған ер баланың есімін Нұрсұлтан қойыпты. Сол тәрізді менің есімім де Таңшолпан.

Ол ерте есейіп, орта мек-

тепте жаксы оқып, жаксы тәрбие алып, бала күнінен мектеп белсендісі болып, көзге түсіп, ел назарында жүріпті. Содан сон мектепті бітіре салысымен Кеңес Одағындағы аса ірі металлургия комбинатының көлемді құрылысына аттанады.

Сол жерде біраз еңбек еткеннен кейін бір топ қазақстандықтармен Украинаның Днепродзержинск қаласына барып металлург-жұмысшы мамандығын игерді. Сол жылдары оның басшылық қасиеттері жарқырап көріне бастады. Қалалық, облыстық, және республикалық көлемде басшы органдарда жауапты

қызмет атқарды.

Елбасының қанатты сөздерінің бірі: «Білімді дамыта алмайтын елдің болашағы жоқ». Нұрсұлтан атамyzдың қолдауымен ескі мектептер жаңартылып, сапалы білім беруге жағдай туғызылып, жаксы тәрбие беруге мүмкіншілік жасалды. Күні кеше ғана мектебіміз күрделі жөндеуден өтіп, бүгінде жаңа сапалы мектепте білім алып жатырмыз. Тәуелсіз елдің перзенті екеніме қуанамын.

Таңшолпан СӘТОВА,
Б.Қолдасбаев атындағы
орта мектептің 11 сынып
оқушысы.

Спорт

МЕРЕКЕЛІК САЙЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2014 жылдың 21 қараша күні балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті органдары мәслихаттарға 20 жыл толу мерекесіне арналған шағын футбол жарысы өтті.

Жарыс қортындысы бойынша жүлделі ІІІ орынды Аудандық білім беру бөлімі КММ-нің командасы жеңіп алды, ІІ орынды Аудан әкімдігінің командасы жеңіп алды, жүлделі І орынды аудандық № 21 өрт сөндіру бөлімінің командасы ие болды. «Үздік шабуылшы» атағына аудандық электржүйесінің қызметкері Әндіров Сабыр, «Үздік қақпашы» атағына жұмыспен қамту бөлімінің жүргізушісі Қитаров Бахытбек, «Үздік шабуылшы» атағына Құсайынов Бақытбек ие болды.

Жарыстың жүлде қоры 60 000 теңгені құрады. Жарысқа демеушілік жасаған «Табыс» ЖШС директоры Саматов Бернар Әділұлы.

І орынға -15 000 теңге, 2 орынға – 10 000 теңге, 3 орынға – 5 теңге, жекелей үздік ойыншыларға – 2 000 теңгеден, төрешілер қызметіне – 8 000 теңге және 1,2,3 орындарға кубоктар берілді.



Жаныңда жүр жақсы адам**БАЛАЛАРЫН ЖЕТКІЗГЕН ЖАЛҒЫЗБАСТЫ ӘКЕ
ҚҰСАЙЫН СЕРІКБАЕВТЫҢ ЕЛБАСЫМЫЗҒА АЙТАР АЛҒЫСЫ МОЛ**

Құсайынның жасы 60-ты алқымдап тұр. Көрмеген қиындығы жоқ. Нарықтық экономика басталған шақта ол жұмыссыз қалды. Бірақ, жұмыссыз қалдым екен деп онша қайғырған жоқ. Оның жанына батқан жағдай - жастай қосылған қосағы Зәурештің осыдан тура 21 жыл бұрын қайтыс болуы еді. Шиегтей 5 ұл жетім қалып, олардың тауқыметін Құсайын бір өзі тартты. Балаларының бәрі де жас еді. Кенже ұлы Абылайхан бар болғаны 2 жаста болатын. Осы балаларды бағып-қағу, киім-кешегін жуу, оларды сабаққа әзірлеп жіберу, от жағу, тамақ пісіру бәрі бір өзінің мойнына артылды. Ол сонда барып аяулы жары Зәурештің қадірін терең түсінді. Үй-ішінің бітпейтін қыбыр-жыбыр тірлігі қандай ауыр деп ойлады.

Бір күні түні бойы көз ілмей шықты. Әрі ойлап-бері ойлап 5 ұлын өзі жеткізуді шешті. Үлкені Медет - 10 жаста болатын. Одан кейінгі - Әсет 8-де, Шыңғыс - 6-да, Ғамзат - 4-те еді. Абылайхан боса-болмаса 2 жаста-тын.

Сонымен не керек, тәуекел етіп, тас жұтқан Құсайын үй тірлігін де, мектептегі от жағушылық қызметін де қатар алып жүрді. Жаз айларында ауылдағы кәсіпкер дихандарға барып, қырманда дән ұшырды. Бір күн қол қусырып қарап отырған жоқ. Танертенгілік және кешкілік сиыр сауып, оны тартып, қаймағын бұлғап, май етті. Құрт, ірімшік те жасады. Жұрт Құсайынның мұнысына таң қалысты. «Адам баласы 3 күннен соң көрге де үйренеді» дегендей, талап етіп, ден қойса, нені де істеп шығады екен-ау! - десті. Осылайша, 20 жыл өте шықты. Қиналғанда өзіне серік болған тұңғыш ұлы Медет бүгінде әкесінің от жағушылық жұмысын меңгеріп алды. Одан кейінгі Әсет - Астанада құрылыс саласында жұмыс істеп жүр. Шыңғыс болса - облысымыздың Рудный қаласындағы орта мектептің бірінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі. Ғамзат та осы маңдағы Қашар қаласында геолог болып қызмет жасайды. Кенжесі Абылайхан - Астана қаласында құрылысшы болып



жұмыс істеп жүр. Бұлардың бәрі де жоғары білімді мамандар. Осылардың бәрін Университет пен институтта оқытқан Құсайынның бір өзі. Балаларының ешкімнен кейін қалмауы үшін қолынан келгеннің бәрін жасай білді. Кейде тіршілік қамымен ұйқысыз өткен түндері де көп болды. Жұрт ұйықтап жатқанда Құсайын таң алдында тұрып, төрт түлік малын жайлап, шайын қайнатып, балаларын оятып, оларды мектепке жібереді. Әр баласының жағдайын ойлап, әр қайсысына тиісті қамқорлық етті. Бір әке, бір анадан туғанмен әр бала әртүрлі. Бір-біріне ұқсай бермейді. Кәдімгі адам қолындағы 5 саусақ секілді - бес түрлі. Құсайын үшін тұңғышы Медеттің жөні бөлек. Ол әкесінің жағдайын түсіне біледі. Оның зайыбы да атасы Құсайынды құдайдай сыйлайды.

Құсайынның бір ерекшелігі - ол балалардың тәрбиесіне қатты қаралы. Оларды еркелететін жерде еркелетті, сынайтын жерінде сынады. Нәтижесінде балалары бос-белбеу, ботатірсек болып өспеді. Бәрі де тірлік қамына ыңғайлы болды. Егер сіз бұрынғы Бүйректал, қазіргі Ақсай ауылдық округінің орталығы Ақсай ауылына бара қалсаңыз ондағылар бәрі бірдей Құсайынды ерекше атайды. Азаматтың азаматы шыдайтын тағдыр талқысына төтеп берген оның кісілігі туралы көп айтады. Соның бірі - Ақсай ауылдық округінің әкімі Жанай Қайырбайұлы Алтынсарин.

- Мен Құсайын ағайды еңбекқорлығы үшін құрметтеймін. Бұл кісі бір өзінің ғана емес, ауылдың қамын ойлайды. Мал бағымай, шөп шабымай

қалса, бірден әкімшілікке келеді. «Қалқам Жанай, жұрттыңның шаруасына қара, адамдар жалқау болып барады. Уақытымен мал бағылмайды, шөп шабылмайды. Бұл - дұрыс нәрсе емес. Қане, сен халықты жинап, осы мәселені қозға! Біз де қарап қалмаймыз» - дейді. Білген адамға Құс-ағаның мұнысы қамқорлық. Жұрттың бәрі үндемей жүре берсе - шаруа алға баспайды ғой. Міне, Құс-аға осындай кісі. Бәрінен де ол кісінің 5 ұлын тәрбиелеп жеткізіп, азамат қылып шығарғаны көпке ерекше үлгі-өнеге емес пе?! Құдай қосқан қосағынан жастай қалса да, ол екінші рет отбасын құрмады. 5 ұлын ешкімге көзтүрткі қылғысы келмеді. Балалары үшін өзінің өмірін арнады, жалғызбасты әке болып тіршілік кешті. Екінші бірі мұндай тағдырға төзбес, төзсе де мыңнан біреу зорға төзер. Бұл кісіні қалай мадактасак та артық емес!

Бүгінде бір Құс-ағадан тараған 5 ұл өзінше бір әулет. Құс-ағадай жалғызбасты әкелер ауданымызда жоқ-ақ шығар деп ойлаймын. Өз басым ауылымыздың жастарына да, жасамыстарына да Құс-ағаны ылғи үлгі етемін. Құс-ағаның бұл қасиетінен ер-азаматтар ғана емес, кейбір жас әйелдердің де үлгі алғаны жөн. Әдетте, жұрт «қалғызбастылыққа әйелдер төзгенмен, еркектер төзе алмайды» дейді. Әрине, бұл сөзде шындық жоқ емес. Көптеген еркектер жалғызбастылыққа төзбейді. Қайғыны көтере алмай әртүрлі жолға түсіп кетеді. Бала-шағасын ұмытады, олардың қамын ойламайды. Ал біздің Құс-аға болса, мұндай теріс қылықтың біріне барған жоқ. Қиындықтың бәріне төзе білді. Әйел атқаратын алуан шаруаның бәрін бір өзі атқарып, азаматтық жолынан да тайған жоқ. Міне, осындай азаматтарды ауданымыздың барша жұртшылығына өнеге етіп айтып, үлгі тұтсақ қандай ғанибет?! - дейді Жанай Қайырбайұлы.

Ия, Құсайын - аңқылдаған ақкөңіл жігіт. Аузын ашса - көмекейі көрінеді. Аудан әкімінің биылғы қыста өткен есеп беру жиналысында ол сөз сөйлеп, ауылының халқын

ынтымақ-бірлікке шақырды. Бәтуасыз бос сөзден аулақ болайық - деді. Бір-бірімізді іліп-шатып мұқатпайық. Кемшілік кімде жоқ, соны ақылмен түзете білейік. «Ауыл болсаң - қауым бол» - деген, Ақсай ауылын өзге ауылдардан кем қылмай өркендетейік! - деді.

Құсайынның бұл сөзі ауылдастарына да, бізге де ұнады. Ішімізден «Ой, азаматым-ай, абыройың арта берсін!» дестік.

...Жақында Құсайын бір шаруамен аудан орталығына келіп кетті. Сол жолы ол аудандық газет редакциясына бас тіреді. Сол баяғы ақкөңіл қалпы.

- Өмір өтіп барады. Жасымыз болса 60-қа иек артып тұр. Баяғының 60-тағы кісілері үлкен болып көрінуші еді, біз болсақ сақал-мұртты қырып тастағандықтан ба, жас көрінеміз. Алайда, мойнымыздағы міндет көп. Батыр ағамыз Аманкелді атындағы ауданды көркейген үстіне көркейту - бәріміздің ортақ міндетіміз! Алдағы жылы газетте осы төңірегінде көбірек жазсаңыздар екен. Ұрпақ - бәрімізге қарап өседі. Сондықтан сол ұрпақтың алдындағы жауапкершілікті терең сезінейік! - деді Құсайын.

Сонан соң:

- Міне, Президент күні мерекесі келе жатыр. Оның ар жағында Тәуелсіздік күні, сонан соң Жаңа жыл. Өз басым Елбасымыздың елі үшін жасап жатқан еңбегіне шексіз ризамын. Алғысым да зор. Ол кісінің ғұмыры ұзақ болып, халқы үшін жемісті қызмет жасай беруін тілеймін! Елбасымыз көпұлтты халық үшін тыным көрмей қызмет жасап жүр. Үлгі-өнегесі өте мол! - деді Құсайын.

Әрине, оның бұл сөзі кімнің де көңілінен шығары анық. Ел болам десең - Елбасыны сыйлап, бірлігің мен тірлігіңді дер уақытында түзей білген не жетсін?! Құсайын осыны жан-тәнімен сезінген азамат. Оның өмірдегі іс-әрекеті кімге де болсын сабақ.

М.МҰХАММЕД-ҚАЛИ
Суретте: Құсайын
СЕРІКБАЕВ.

Жыр-шашу**НҰР - АҒАМНЫҢ
НҰРЛЫ ЖОЛЫ**

Мөңке би мен Асан-Қайғы барлаған,
«Абылайхандап!» батырларым қорғаған.
Жерім байтақ, елім бүгін бүгінде,
Ән-ұраным бар әлемді шарлаған!

Абылайдай ел бірлігін ойлаған,
Болашақтың сара жолын таңдаған.
Нұр-ағамның «Нұрлы жолын» халқы да,
Тұмар қылып жүрегіне байлаған.

Қорқыт баба айтып кеткен Жерұйық...
Қазағымның аспанына жыр ұйып.
Елтаңбам мен желбіреген Көк Туым,
Шаңырағыма тұр ғой бүгін нұр құйып.

Есімханның ескі жолын еске алып,
Қасымханның қасқа жолын жалғаған.
Елбасымыз болашақты бетке алып,
Халқы да оның «Нұрлы жолын» қолдаған.

Ата заңым, Астанам да - бар бүгін,
Мұндай бақыт бұл елімде болмаған!
Нұр сыйлайды, жыр сыйлайды әр күнім.
Елбасым бар бейбіт елін қамдаған.

«Мәңгілік Ел» атандырды елімді,
Тұтас ұстап байлық тұнған жерімді.
Елбасымыз Әбішұлы Нұрсұлтан,
Танытуда бар әлемге елімді!

Білімді ұрпақ өсіп жатыр жерімде,
Көркейтетін елі менен жерім де.
Нұр-ағамның «Нұрлы жолы» тұрғанда,
«Мәңгілік Ел» атанады елім де!

Қалжжігіт СМАҒҰЛОВ

Аудандық әкімдікте**КОМИССИЯ ОТЫРЫСТАРЫ**

2014 жылдың 25 қарашасы күні сағат 15.00-де аудандық көмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті №20 отырысы болып өтті. Отырысты комиссия төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды.

Отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды:
1. Көмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгездік қараудың алдын алу мақсатында өткізілген әлеуметтік тексеру бойынша атқарылған жұмыстар туралы.

(Хабарламашы: Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектеп директорының міндетін атқарушы М.М.Досымов).

2. Халықаралық зорлық-зомбылықсыз күн шеңберінде көмелетке толмағандарға қатысты қатаң қарауды және зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы.

(Хабарламашы: Қарынсалды ауылдық округ әкімі М.Н.Әбдіхалықов, Тасты ауылдық округ әкімі Қ.Жұмабаева).

Комиссия отырысы қаралған мәселелерді талқылай келе, алғашқы мәселе бойынша 6 -баптан, 2-ші мәселе бойынша 5-баптан тұратын қаулы қабылдады.

2014 жылдың 27 қарашасы күні сағат 15-те аудандық көмелетке толмағандардың істерін қорғау жөніндегі комиссияның 21 отырысы болып өтті. Комиссия отырысын оның төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды.

Отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды:
1. Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Біз - XXI ғасырдың балаларымыз!» біздің құқықтарымыз және мүмкіндіктеріміз онкүндігінің қорытындысы. (Хабарламашы: Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің директоры А.К.Айтмағанбетов).

2. 29.10.2014 жылы өткен Амангелді аудандық көмелетке толмағандар істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссиясының №18 отырысында қабылданған қаулының орындалуы туралы. (Хабарламашы: Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектеп директорының міндетін атқарушы М.М.Досымов).

Комиссия отырысы күн тәртібінде қаралған мәселелерді талқылай келе, 1-ші мәселе бойынша 4 баптан тұратын, 2-ші мәселе бойынша 1 баптан тұратын қаулы қабылдады.

НОТАРИУС

13.01.2008 жылы қайтыс болған аз.Бирмағанбетов Бакытжан Журмағанбетовичтің мұрасы бойынша мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай облысы Амангелді ауданы нотариусы Исмағұлова А.Б.-ға Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын.

02.10.2009 жылы қайтыс болған аз.Дүйсенбаева Сайранкулдің мұрасы бойынша мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай облысы Амангелді ауданы нотариусы Исмағұлова А.Б.-ға Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын.

ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ АРҚАСЫ

Менің Отаным - Қазақстан! Осы елде туып, осы елдің суын ішіп, өсіп келемін, өйткені мен Тәуелсіз Қазақстанның қызымын. Қай елде, қай мемлекетте жүрсем де елім үшін мақтана аламын, себебі менің елім де, жерім де бай. Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Қазақстан аңдар мен құстар, әр түрлі жануарларға бай өлке. Сол жерде біздің ата-

бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып-өскен.

Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отаның - алтын бесігің», «Отаны жоқтық - нағыз жоқтық» - деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау - әрбір азаматтың бірінші міндеті.

Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын.

Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ нанымен бекуі тиіс. Өйткені Отан - біз үшін оттан да ыстық.

Біздің еліміз күн сайын дамып, көркейіп жатыр. Қазақ елі мақтан тұтарлық ел! Әрине, қазіргі жетістікке жетуіміз бәрі де Елбасының арқасында деп ойлаймын.

І.ҚАРАБЕКҚЫЗЫ,
Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің оқушысы.

МЕН ПРЕЗИДЕНТ БОЛСАМ ...

Елбасы болу - үлкен жауапкершілікті жүктейтін міндет. Ол - кез-келгеннің атқаратын жұмысы емес. Президент болу - халықтың жүгін көтеру, ел сенімін ақтау, барша жұрттың игілігіне қызмет ету.

Мен Президент болсам Елбасы салып берген сара жолды жаңастырып, халықтың тыныштығы үшін аянбай еңбек етер едім. Басты байлық - денсаулық демекші, ауруханаларды жаңа технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етер

едім. «Оқусыз - білім жоқ, білімсіз - күнің жоқ» деп ұлы ағартушы ұстаз Ыбырай ағамыз айтқандай, білім ошақтарын басты назарда ұстай едім. Елімізге қажетті ірі кәсіпорындар салғызып, мектеп, демалыс орындарының санын да толықтырар едім. «Дипломмен ауылға» жобасын одан әрі жандандырып, жастардың ауылға көп келуі үшін олардың жағдайларын жасап, халық мүддесі үшін тер төгулеріне мүмкіндік жасар едім. Сондай-ақ, қаладан тыс шалғай елді

мекендерде тұратын халықтың да жағдайын ойлаған дұрыс. Ең алдымен олардың жол қатынасы, мектеп, ауыз сумен қамтамасыз ету, балабақша, аурухана сияқты қажеттіліктермен олардың жарқын болашағы үшін қолдан келгенді жасар едім.

Иә, бұлардың бірі менің өз арман-тілектерім ғана. Мүмкін, кім білген, президент болсам да, елім үшін бір кірпіш болып қаланып, еңбек етермін деген ойым бар.

М.ҒАБДЫБЕКОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің оқушысы.

ХАБАРЛАҢДЫРЛАР**СЕМІЗ ЖЫЛҚЫЛАР
САТАМЫН**

Соғымдық семіз жабағы, тай, байтал жылқылар сатамын. Бағасы келісім бойынша.

Байланыс тел: 2-19-39.

**МАЛШЫ КЕРЕК**

Сынтас өзенінің жағасында жақсы қыстақта тұратын малшы керек. Өзінің жеке меншік малдарын менің малыммен бірге бағуына болады. Өзіне жеке үй беремін. Барлық жағдай жасалған. Монша бар.

Байланыс тел: 2-31-16.



2014 жылдың 25 қарашасы күні сағат 10-да Арқалық қаласында, Әнуар Боранбаев театрында Торғай өлкесінің тұңғыш жоғары білімді кәсіби музыканты, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз, білімді де білікті басшы, жерлесіміз Төкен Сауытбайұлы Елтебаев туралы шығарылған «ЕСІНДЕ ЕЛДІН ТӨКЕНІ» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өткізілді. Кітапты құрастырып, шығарған - марқұмның перзенті Гүлбану Төкенқызы Елтебаева.

Төкен Сауытбайұлы Елтебаев - Қарасу ауылдық округіндегі Ағайдар ауылында дүниеге келді. Ол домбыра тартумен бала жастан әуестенеді. 9 жасында домбырада еркін ойнап, өз қатарластарынан дараланып, ерекше көзге түседі. 1954 жылы ауданымыздағы білімнің қасиетті қарашанырағы – Аманкелді орта мектебін жақсы бітіріп, арман күйіп Алматыға аттанады. Бағы жанып, емтиханды үздік тапсырып, Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Консерваториясына түседі. Осында жүріп 1957 жылы дүниежүзілік жастар мен студенттердің Мәскеу қаласында өткен VI фестиваліне Қазақстан делегациясының құрамында қатысып, Алғыс хатпен оралады. 1959 жылы консерваторияны аяқтап, өзі туып-өскен Аманкелді еліне оралады. Әрине, оған Алматыда және Қостанайда қызметте қалуға ұсыныстар жасалады. Бірақ, Төкен аға ол ұсыныстардан саналы түрде бас тартады.

Ол ауданға келген бетінде еңбек жолын мұғалім болып бастайды. Одан Торғай тыңы игерілген кезде «Коммунизм жолы» совхозына бастауыш комсомол ұйымының хатшысы етіп жіберіледі. Ал 1961-1966 жылдары Аманкелді ауданының сол кездегі ең үздік білім ұясы – В.И.Ленин атындағы мектеп-интернатта мұғалім болып, нота білмейтін, домбыра ұстамаған балаларға домбыра, қобыз, сырнай үйретіп, оркестр ұйымдастырады. Оның оркестрі ауданда және облыста өткен түрлі жарыстарда үнемі жүлдемен оралып жүреді. Төкеннің аты бүкіл елге жайылады. Еңбегі еленіп, ол 1966-1974 жылдар аралығында аудандық мәдениет бөлімін басқарды. Осы кезде өзіне келген Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағын, «Ақсақал ымыз» деп Қазыбек Әбенбек бергізіпті. Бұл - оның атақ-даңққа қызықпағанын көрсетеді.

Ол елге келген 1959 жылы өзінің құрдастары, достары Кәки Ахан, Мейрамхан Қапышевтармен ақылдаса отырып, аудандық халық театрын құруға батыл қадам жасайды. Әрине, театр үйірмесі бұларға дейін де болған. Оны Қазтай Халықов сынды талантты акын ұйымдастырған. Бірақ, ол үйірме қалыптасқан халық театры дәрежесіне жетпеген болатын. Төкен, Кәки, Мейрамхан аудандық халық театрын ұйымдастыруды жан-жақты ойластыра жүргізді. Ауданымыздың талантты жастарын жинақтады. Оларға классик жазушы Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасындағы рольдер бөлініп берілді.

Төкеннің ерекше бір еңбегі ол – ауданда ұлт аспаптар оркестрін өз қолымен құрды және оның халықтық атағын сол кездегі астанамыз Алматыда сәтті қорғата білді. Сол жылдарда Аманкелді аудандық халық театры мен ұлт аспаптар оркестрінің аға дзүірілеп тұрды. Облыста өтетін өнер сайыстарында ығы да бас бәйгеге бермей келді.

Ағаның тағы бір зор еңбегі – осы күнгі Қ.Әбенов атындағы аудандық Мәдениет үйінің құрылысы басталғаннан аяқталғанша бір дамыл көрмейті.

Мәдениет үйінің ішінен шықпай, жан-жағына ағаш отырғызып, оған өзі бас болып, жұмыскерлеріне су құйғызыпты. Айналасын қоршапты. Ал қысты күні Мәдениет үйінің отжағатын жұмысын түнгі сағат 2-3-терде барып, тексеруден жалықпапты. Сонау қиырдағы Украинаға барып, Мәдениет үйіне лайық орындықтар әкеліпті. Сол сияқты, оркестрге керекті киім-кешектер мен музыкалық аспаптарды ерінбей-жалықпай әкеліп отырыпты. Ол аз десеңіз, көршілес Жанкелдин ауданының халықтық оркестріне де қажетті ұлт аспаптарын жеткізіп беріпті.

Ағаның басшылығымен сол жылдары Аманкелді ауданында көркемөнерпаздық кең қанат жайып, әр совхозда үйірмелер жұмыс істеген. Бұл жөнінде халқымыздың қазіргі аса көрнекті жазушысы Халықаралық М.Шолохов және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты С.Досановтың «Ақиық азамат, тамаша талант», Қазақ сатирасы классиктерінің бірі С.Кенжеахметовтің «Өнер мен өмірдің шырайы еді», белгілі әнші-композитор, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Ж.Өмірбектің «Елдің көркі болған



азамат еді», М.Қапышевтің «Өмірі мен өнері өнеге», журналист Б.Әлмағанбетовтің «Қанатымен су селкен қарлығаштай», «Жақсының жақсылығын айт», А.Мұздахановтың «Ақ қайың», «Ұстазым болған жан ағам», журналист У.Хайроллаұлының «Жылы жүректі жайсаң еді», Төкен ағаның жан досы, Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Аханның «Құрметке лайық азамат», тамаша актриса А.Абылованың «Ол – Ақан сері, мен - Ақтоқты болып сахнаға шығып едік», Арқалық жасөспірімдер театрының директоры, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, әнші, актриса О.Мұқатованың «Өнердегі жайсаң ағам еді», белгілі акын журналист К.Кенебаевтың «Өмірін өнерімен өрнектеген» атты естеліктерінде Төкен Сауытбайұлының кісілігі мен кішілігі, ақылдылығы мен парасаттылығы, кеңпейілділігі, адам баласына ренжімейтін жан сұлулығы, өнерінің қадір-қасиеті жан-жақты жазылған. Сол сияқты, Х.Досжановтың, А.Әжібаеваның, К.Тоғанасовтың, Т.Жақсанбайдың, А.Мәлжанбайдың, А.Жұмановтың, Ә.Галееваның, Қ.Жұмағұлқызының, Ж.Сауытбаеваның, Қ.Нұрмағанбетовтың, Гүлсім Төкенқызының естеліктерінде де Төкен ағаның адамгершілік, азаматтық болмысы жақсы қалыптатқан. Сол сияқты, ақындар: Б.Ыскақтың, Л.Тоқайұлының, Х.Мұсабаевтың, М.Досжановтың, Гүлбану Төкенқызының, Болат Молдашұлының жырларында да Төкен Сауытбайұлының сырбаз да сымбатты бітім-болмысы бедерлі көрініс тапқан.

Туындының тұсаукесерінде алғашқы сөз кезінде ұзақ жылдар Аманкелдіде аудандық партия комитетінде насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі және аупарткомның идеологиялық істері жөніндегі хатшысы болған Кәрім



Айтмағанбетовке берілді.

- Қайран Төкен! Оны ойласам көңілім босайды. Мұндай мінезге бай адамды өз басым күні бүгінге дейін көрген жоқпын. Қашан да жымып күліп тұратын. Қатты сөзді білмейтін. Онымен қызмет істеу өте жеңіл еді. Өттен, ғұмыры қысқа болды. 49 жас деген не тәйірі?! Ол осы аз ғұмырында өзі үшін емес, ауданы, елі үшін қызмет жасады. Оның бар арман-мұраты - Аманкелді ауданы мен Торғай өлкесінің жастарының музыка мәдениетіне тәрбиелеу болды. Әйтпесе, оның композитор болып ән, күй шығаруына мүмкіндік бар еді. Бірақ ол өзінің жеке басының қамын ойламады. Аманкелді ауданында мәдениет бөлімін басқарған кезінде ұйымдастырушылық, басшылық қабілеттері ерекше көрінді. Кейін Торғай облысы құрылғанда ашылған С.Қожамқұлов атындағы облыстық музыкалық театрдың тұңғыш директоры болды. Сол сияқты, қазақтың көне аспаптарынан құрылған облыстық «Шертер» ұлттық ансамблінің де тұңғыш басшысы Төкен болды. Сондай-ақ, облыста тұңғыш ашылған музыка училищесінің де тұңғыш директоры сол еді. Осы қызметте жүріп ол мәңгілікке аттанып кетті. Кейде қиналған кезімде, «Кәрім аға, абыржыманыз, бұл шаруа да орындалады» дейтін және сол шаруаны жоғары деңгейде тіндіратын. Міне, менің жасым 90-ға таяды. Осы ұзақ ғұмырымда Төкеннің рухына әрдайым бас июмен келемін. Төкен туралы шығарылған «ЕСІНДЕ ЕЛДІН ТӨКЕНІ» атты кітап халықтың қазынасына айналсын. Төкенді ел есінде қалдырудың бір белгісі ғой. Сондықтан да, кітапқа сәттілік тілеймін. Оны шығарған балаларына алғыс айтамын! – деп Кәрім аға кітаптың тұсауын кесті.

Келесі кезекте сөз Төкен ағаның



егізіндей болған досы, құрдасы, сыныптасы Кәки Ахан ақсақалға берілді.

- Біз бірге өстік. Бір мектепте бір сыныпта қатар оқыдық. Екеуіміз бірдей домбыра үйірмесіне қатыстық. Кейін Төкен Консерваторияны бітіріп келген соң да үзеңгіміз айырылған жоқ. Қол ұстасып жүрдік. Жұбымыз жазылмайтын. Мұның себебі – екеуіміздің мінезіміздің ұқсастығынан да болар. Төкен өте сырбаз жан еді. Бір рет те біреуге ренжігенін көргем жоқ. Екеуіміздің балаларымыз да өмірге қатар келіп, бірге өсті. Амал не, оның ғұмыры қысқа болды. Ол өмірден өткен соң да менің Төкеннің отбасымен байланысым үзілген жоқ. Балалары көз алдымда өсті. Олардың әралуан той-томалақтарында, қуаныш-қайғыларында бірге болып келемін. 1996 жылы Төкеннің 60 жылдығын атап өттік. 1997 жылы осы Арқалықта Күнжамалдың 60 жасын тойладық. Сонда мен «КҮНЖАМАЛ» деп ән шығарып келіп, сол тойда оны орындаған едім. Төкен туралы кітаптың ғұмыры ұзақ болсын. Ол туралы қандай мақтау айтсақ та артық емес. Оның көрмеген қызығын аяулы жары Күнжамал көрсін, балалары көрсін! Енді мен Төкен туралы мына туындының тұсаукесерінде сол әнді орындап берейін. Ал балам Әділ Төкен сүйіп тартқан күйлердің бірін сіздерге тартып берсін! – деді Кәки аға.

Мұнан соң сөз алған әмбебап өнерпаз Ж.Өмірбек, күйші-композитор А.Мұздаханов, оның қызы дәулескер күйші әрі композитор, республикалық «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты А.Мұздаханова, білгір өнер таушушы Е.Қожахметовтер Төкен Сауытбайұлының алуан қыры туралы тебірене сөйледі. Ж.Өмірбек «Төкен аға мінсіз жан еді!» десе, А.Мұздаханов «Ұстазым болған жан ағам!» деді. Е.Қожахметов «Алмастай асыл досым»

деді. Анар Мұздаханова әкесінің Төкен ағасына арнаған «Ақ қайың» және «Бәштөк» күйлерін күмбірлете тартып берді. Және мұнан соң «Әкелеріміз қалай дос болса, біз Гүлбану екеуіміз сол достықты жақсы жалғап келеміз» деп қолындағы алтын сақинасын Гүлбанудың саусағына тақты.

Тұсаукесерде сөйлеген адамдар көп болды. Олардың бәрінің сөзі бір арнаға тоғысты.

Тұсаукесер рәсімін Төкен ағаның қызы Арқалық қаласындағы Дала өлкесі облыстық музейінің директоры, Арқалық қалалық мәслихатының депутаты Гүлбану қарындасымыз қорытындылады. Оның жүректен шыққан сөздері жүректерге жетіп, көңілдерді босатты.

- Әкем қайтыс боғанда біз жас едік. Ел-жұртымыздың ол кісіні мәңгілік сапарға қалай ардақтап шығарып салғанын көзімізбен көрдік. Әрине, Торғай еліне оңай болмады. Бізге де ауыр тиді. Әсіресе, анамыздың жанына қатты батты. Бірақ «орында бар оналар» дегендей бәріміз де ер жеттік, өмірден орнымызды алдық. Әкеміз туралы жазылған дүниелерді анамыз ұқыптылықпен жинап жүреді екен. Соларды биыл шып-шырғасын шығармай қолыма берді. «Балам, менің жасым 80-ге таяды. Алда қанша ғұмыр барын Құдай біледі. Әкеңнің дүниеден өткеніне 30 жылға таяп қалды. Енгі бірер жылда 80 жылдығы да келіп қалар. Оған дейін мынау ел-жұртының, достарының, іні-қарындастарының ол жайлы жазған естеліктері мен өлең-жырларын, шығарған ән-күйлерін және құжаттарды кітап етіп шығарыңдар» - деді. Мен анамның сол аманатын орындауға асықтым. Апаларым мен жезделерім және өзімнің жолдасым Нұрлан бәріміз қосылып, осы кітапты шығардық. Иығымыздан бір ауыр жүк түскендей болды, әкем қайта тіріліп келгендей күй кештім. Әкемізді мәңгі есте қалдыруға байланысты атқарылатын жұмыстар алда да бар деп есептеймін. Оған ағасы Кәрім ағам, достары Кәки, Еркін, Жұмағали

ағаларым бастамашы болар. Торғайда Консерваторияны менің әкемнен кейін бітірген Болат Хамзиннің атында музыка мектебі бар. Ал менің әкем тек Аманкелді ауданының ғана емес, Торғай облысының өнері мен мәдениетін өркендетуге ерекше үлес қосты. Облыстық драма театрын, облыстық «Шертер» ұлт аспаптар ансамблі, облыстық музыка училищесін басқарды, Жанадан отау тіккен Торғай облысының бар өнерінің басында тұрып, соның бәрінің де жарқырай көрінуіне білгірлікпен, жоғары мәдениеттілікпен басшылық жасады. Демек, әкеміз аты Аманкелдіде, Арқалықта да елеусіз қалмас деймін. Құрметті барша қауым! Сіздерге әке туралы кітаптың тұсаукесеріне ұйымшылдықпен келіп қатысқандарыңыз үшін анамның және әулетіміздің атынан рахмет айтаймын! Амандықта, саулықта жүздесейік! – деді Гүлбану Төкенқызы.

Сонымен, аты аңызға айналған сырлы өнер иесі Төкен Елтебаев туралы тұңғыш кітап өмірге келіп, оқырман қолына тиді. Ол туралы әлі де талай кітаптар жазыла бермек. «Есінде елдің Төкені» атты кітап солардың төлбасы. Бұл кітапқа Төкен аға туралы естеліктермен қатар, ол туралы шығарылған әндер мен күйлер, оған көрсетілген құрметті айғақтайтын түрлі құжаттар және әралуан суреттер де жарияланған. Олардың бәрі көп нәрседен хабар береді. Аталмыш кітап өзінің қарапайымдылығымен құнды.

Қ.ҚУАНДЫҚҰЛЫ

Суреттерде: «Есінде елдің Төкені» атты кітаптың мұқабасы; кітаптың тұсаукесері; Төкеннің зайыбы Күнжамал Елтебаева балалары мен немерелерінің ортасында; Т.Елтебаевтың досы К.Ахан өзінің «Күнжамал» әнін шырқап тұрған сәт.

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын

материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1926 дана. Тапсырыс - 2497

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.